

ЭТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАР - БОЛАШАҚ МУҒАЛІМ ТҮЛГАСЫНЫҢ РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛКТІК ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Ж.О.Нуржанбаева, И.Б.Сихымбаев
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Еліміздегі түбірлі әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар мен ұлттық мәдениетіндегі жаңғырулар жана қоғамдық сананың қалыптасуына ықпал етіп отыр. Қазіргі кезеңдегі жаһандану үрдісі өміріміздің барлық саласына еніп Батыс пен Шығыс құндылықтарының озық ұлгілерімен қатар біздің менталитетімізге сай келмейтін құндылықтар да жас ұрпақ санасына сіңе бастады. Ұрпақ тәрбиесін ұлттық рухани құндылықтарымен сабактастыра отырып білім беру бүгінгі күннің басты талабы. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занында: Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау - деп атап көрсеткен [1].

Біз өмір сүріп отырған адамзат әлемінде қазіргі таңдағы демократиялық өзгерістерінің сапалы жана кезеңге ауысу үрдісі құрделі, әрі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық саяси жаңарулар рухани саланы да айналып өткен жоқ. Сана көзқарас, жана мұрат идеологиялық саясатта тұлғаның адамгершілікке негізделген құндылықтық бағыты, бағдарының қалыптасуы маңызды мәселе болып отыр. Өркениеттік қоғамда ақпараттық технологияларды терең меңгерген, білімді азаматтардың өз ойын шебер жеткізе алатын, бойында ұлттық намысы бар ұрпақ тәрбиелеу білім беру саласының басты міндеті. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты мен сенемін, жастарға!»-деп, Мағжан жырлаған жастар бар ма? Кара басының қамын күйттеген, өзін ғана ойлайтын боркемік, басына қыйыншылық түссе өзіне қол жұмсауға дайын немесе женіл жүріске салыну, тығырықтан шығар жол іздеуде әлсіздік танытудың бір ұшы осы құндылықтық бағдардың тұлға бойында толық қалыптаспағаның байқатады. Ал, білімді жастардың «Болашақ» бағдарламасы арқылы шет елдерге білім ізденіп, әлемнің озық жоғары оку орындарына түсіу мақтануға тұрарлық, дегенменен сол жастардың көпшілігі Тәуелсіз Қазақстанымызды көркейтуге үлес қосудан гөрі ынғайлы жұмыс орнын тапса шет елдерде қалуға қуана келісітін өкінішті. Мұнда қазақ даналығын, «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» нақылын бүгінгі рухани құндылықтық бағдардың түбірі деп санауга болады. Қазақстан әлемнің озық елу елінің қатарына қосылуға ұмтылуы, заман талабы болса, сол талапты жүзеге асыратын ұрпақтың бойында: патриотизм, ұлтжандылық, үлкенді, жанұяны сыйлау, жауапкершілік, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарau, кәсіbi біліктілік пен жоғары мәдениетгілік, толеранттылық, денсаулық, іскерлік, бәсекеге қабілеттілік, ана тілін менгеру және өзге мәдениет өкілдеріне құрметпен қарau - құндылықтық бағдар ретінде қалыптасуы қажет. Қазақстанның көк Туын биікке көтеріп, әлемдік додаларда танытқан Бекзат Саттарханов кешегі Махамбет, Исатай, Бауыржан сияқты батырлар қатарынан көрініп, бүгінгі ұрпақтың асқақ идеялына айналуы тиіс, сонымен қатар, Қазақстанда мекендереген әрбір ұлт өкілі өзі сүйіп, ауасын жүтүп, кіндік қаны тамған Отаны деп сүйіп, қазақ тілін меңгеруге ұмтылысы жоғарылай беруі керек.

Қазіргі педагогика және психология ғылымдарындағы көкейкесті мәселенің бірі жоғары оку орындарындағы оку-тәрбие үрдісінде тұлғаның құндылықтық бағдарын қалыптастырудың жүйелі әдістемелік тұрғыдан қарастыру болып отыр. Тұлғаның рухани-адамгершіліктік

қалыптасуын оқытуды гуманитарландыру, инновациялық әдістерді тиімді қолдану арқылы қамтамасыз етуге болады.

Қазақ жерінде жас үрпақтың болашағына, оның тәлім-тәрбиесіне жауапкершілікпен қараған. Тал бесіктен бастап баланың азамат болып қалыптасуының басты негізі ата-баба дәстүрі, рухани-адамгершіліктік қағидаларын құндылықтың бағдар ретінде қабылдаған.

Қазіргі қоғамда қандай құндылықтарды басшылыққа ала отырып үрпақ тәрбиелейміз, ал, ең алдымен сол үрпақты тәрбиелейтін ұстаздың бойында құндылықтың бағдарының қалыптасу деңгейі қандай жағдайда? Болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда олардың тұлғасында құндылықтың бағдарды оқыту үрдісінде қалыптастыру мен окушылармен тіл табыса алатын, олардың субмәдениетін терең меңгерген, ақпараттық технологияларды игерген мұғалім біліктілігін қажет етіп отырған қоғам арасындағы қайшылықты шешу мәселесі өзекті болып отыр. Педагогика ғылымында өзіндік ұлттық болмысымен ерекше орын алған М.Жұмабаев: «Қазақтың қаны бір, жаны бір, жолбасшысы - мұғалім» деген көзқарасын ескерсек, жас үрпақтың азаматтық келбетінің қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік институттармен қатар мұғалім тұлғасының рухани - адамгершіліктік тұрғыдан қалыптасуының да иғі әсері бар екендігін зерттеу жұмысымызда көз жеткіздік.

Тәуелсіз Қазақстанымыздың болашағы жастар, ал олардың бойында қандай құндылықтардың қалыптасуы қажеттігі туралы еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Бүгінгі күн тәртібіне елімізде асырылып отырған жаңарулардың мазмұнына сәйкес қазақстандық жаңа сананы қалыптастыру қажеттігі шықты. Демек, үнемі өзгеріп отырған әлемге және білім саласындағы жаңа әлеуметтік талаптарға қарамастан білім беру жүйесінің міндеті сол күйінде — толыққанды және бәсекеге қабілетті азаматты тәрбиелеу білім берудің рөлін экономикалық пайда табудың тұрғысынан емес, сонымен бірге - қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін және еліне жаны ашитын азаматтарды қалыптастыру түрінде қалып отыр [2].

Қазіргі таңда қоғамда адамгершіліктік нигилизмнің белең алуы жастардың бойында жауапкершілік, патриотизмнен ғөрі тұтынушылық құйдің таралуына кеңінен өз ықпалын тигізуде. Әсіресе, адамгершілікке негізделген биік мұраттарға емес, керісінше қандай жолмен болса да жылдам баюды мақсат етіп қою адаптацияның тәрбие үрдісіндегі өзекті мәселе екендігін гуманитарлық ғылым салаларының өкілдері мойындан отырғандығы шындық. Болашақ мұғалім тұлғасының этикалық құндылықтың бағдарының қалыптасуы олардың жас үрпақты тәрбиелеудегі негізгі қайнар көзі болып табылады.

Ен алдымен, біз, құндылық ұғымының мағынасын талдау жасадық, С.И.Ожегов: «Құндылық ұғымы - бұл баға, құн, маңыздылық, мәні, құнды зат, құбылыс; жоспарды товарлық және құндылықтың қатынаста орындауы, ал бағдар ұғымы – бұл өзінің тұрған орнын анықтау; мәселенің мән жайына қаныға отырып, одан жол тауып шығуы; хабары болуы; қызығушылығына қарай іс-әрекетінің бағытталуы» [3, -447,-859]. Демек, құндылықтың бағдар тұлғаның өзі өмір сүріп отырған ортасына көзқарасының қалыптасуы, іс-әрекетінің мағыналылығы, маңызға ие болуы және кәсіби қызметіндегі қындықтарды женүде адамгершіліктік құндылықтарға сүйені болып табылатындығын айтқымыз келеді. Адам өзі өмір сүріп отырған қоғамның жемісі деп санақ, қоғамның тұлғаны тәрбиелеудегі маңызды резерві - мұғалім. Сондықтан, болашақ мұғалімнің педагогикалық шеберлігі технологиялық әдістерді жетік меңгеріп қана қоймай, құндылықтың жетілуімен қамтамасыз етілген жағдайда бұл мәселеден шығу жолдары табылады.

Құндылық ұғымын философиялық, мәдениеттанулық тұрғыдан, антика әлемінің ойшылдары, Адам-барлық заттардың өлшемі ретінде қарастырғандар Сократ Аристотель, Демокрит, жаңа заманда адамның рухани дамуын білімі, парасаттылығымен байланыстырған И.Кант, Гегель, Н.Бердяев және басқалар болды. Қазақ жерінде тәрбиенің ізгілендіру арқылы адамның құндылықтың қасиеттерін қалыптастыруды Әл-Фараби, Қ.А.Иассауи, Ж.Баласағұн, Ү.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және тағы басқалар өз еңбектерін арнаган.

«Құндылық» ұғымын педагогика ғылымында С.Ф.Анисимов, Л.П.Буева, М.С.Каган мәнділік, пайдалылық, қажеттілік сияқты қоғамдық сана түрлеріне тән құбылыс екендігіне тоқталып өткен. В.И.Андреев, И.Ф.Исаев, В.А.Сластенин болашақ мұғалімдерді

даярлаудың әдіснамалық негізі ретінде аксиологиялық тұрғыдан оқыту үрдісінде құндылықтың бағдарды қамтамасыз етуде педагогикалық шарттарды дұрыс жасау қажеттігіне көніл бөлуді ұсынған. Ал, Т.Лихачев, И.А.Зимняя білім беру мен тәрбиелеудің мәнін құндылықтар айқындауды деп есептейді.

Қазақстанда білім беру жүйесін әлемдік білім берудің дамуындағы тенденцияларды ескере отырып, ұлттық рухани құндылықтарды кайта жаңғырту арқылы жастардың адамгершіліктік қасиеттерін қалыптастыруға үлес қосып келе жатқан қазақ педагогикасының мұраларын зерделеген. Фалымдардың көзқарастарына талдау жасайтын болсақ, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, К.К.Жампейісова, Ю.А.Ұзақбаева, А.А.Қалыбекова, А.Н.Ильясова, А.Б.Нұрлыбекова және т.б. тұлғаның адамгершіліктік қалыптасуының этнопедагогикалық негіздеріне мән берген.

Тұлғаның кәсіби бағдарының таңдауына құндылықтың бағдардың алатын орны туралы Г.К.Нұргалиева, бос уақытты тиімді пайдалануда тұлғаның рухани-адамгершіліктік қалыптасуына терең мән берген И.Б.Сихимбаев, кәсіпке баулу арқылы тұлғаның *адамгершілікке тәрбиелеуді* К.Д.Дүйсенбаев және басқа ғалымдардың енбектері біздін зерттеу тақырыбымызға жақын екендігін айтамыз. Біз, құндылықтың бағдар мәселесіне байланыстығылыми әдебиеттерді сарапап, талдау нәтижесінде байқаганымыз, болашақ мұғалім тұлғасында этикалық құндылықтың бағдарын қалыптастыруға толық теориялық әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етілгендей байқадық. Дегенмен, әлі де болса, тұлғаның құндылықтың бағдарын оқыту үрдісінде қалыптастырудың жолдарынғылыми педагогикалық жүйесін жетілдіру қажеттілігін түсіндік. Жоғары білім беру жүйесіндегі оқыту үрдісінде болашақ мұғалім тұлғасында этикалық құндылықтың бағдар қалыптастырудыңғылыми теориялық және әдіснамалық қамтамасыз етілмеуі мен қоғамның мұғалімге қоятын талаптарының арасындағы қайшылықты туғызады, яғни, болашақ мұғалімнің қызметтінің нәтижеге қол жеткізуі оның бойындағы құндылықтың бағдардың қалыптасуына тікелей байланысты. Сондықтан, біз мына мәселеге назар аударуды жөн көрдік:

–студенттердің тұлғасында этикалық құндылықтың бағдарын қалыптастыру біртұтас жүйе ретінде қарастырыла отырып, оқытушы мен студент арасындағы педагогикалық өзара қатынас тұлғалық бағытталған, аксиологиялық, жүйелілік негізде құндылықтарды қалыптастырудың тарихи тәжірибесін ескеріп, қазіргі кезеңдегі студенттердің этикалық құндылықтың бағдарының құрылымын, мазмұнын анықтау арқылы;

–оқыту үрдісінде болашақ мұғалім тұлғасында этикалық құндылықтың бағдарын қалыптастырудың теориялық моделін жасау арқылы, оқу-тәрбие үрдісінің студенттердің адамгершілік сапаларының менгеруге бағытталуын қамтамасыз ету арқылы;

–жоғары оку орындарының адажершіліктікке негізделген ортанды құру және гуманитарлық пәндердің этикалық құрамын қүштейтуде мәдениеттану оку курсының тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білу арқылы;

–студенттердің өздері арқылы өзіндік санасын қалыптастырудың механизмін жасап, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, оқыту үрдісінде педагогикалық мамандықтағы студенттердің тұлғасында этикалық құндылықтың бағдарын қалыптастырудың теориялық жүйесін және тәжірибелік негіздерін жасау мен оны педагогикалық экспериментте тексеріп көру арқылы зерттеу жұмысымыздың алдына қойған мақсатын толық жүзеге асыруға мүмкіндіктер бар деп есептейміз.

Әдебиет

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы.-1999.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. - Астана, 2007.
- 3 Ожегов С.И. Словарь русского языка. - М., 1960. - 859 с.

Резюме

В этой статье рассматривается роль этических ценностных ориентаций в духовно-нравственном становлении личности будущих педагогов. В современной педагогической и

психологической науке актуальной проблемой является формирование этических ценностных ориентаций в учебном процессе.

Summary

Role ethical ценностных orientation is considered In this article in duhovno-ravstennom formation to personalities future teacher. In modern pedagogical and psychological science by actual problem is a shaping ethical orientation in scholastic process.